



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМДАРЫН (БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН)
МАМАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ

СТАНДАРТТАРЫ

СТАНДАРТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ АККРЕДИТАЦИИ
ОРГАНИЗАЦИЙ ТЕХНИЧЕСКОГО
И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Астана 2015

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

Р.Г. Сейдахметова, А.Б. Жумагулова, М.А. Скиба,
Ж.И. Шалабаева, Р.Г. Гасимов

СТАНДАРТЫ специализированной аккредитации организаций технического и профессионального образования

Астана 2015

УДК 006

ББК 30ц

С 77

Рекомендовано Экспертным советом
Независимого Агентства аккредитации и рейтинга

Рецензенты:

доктор физико-математических наук, профессор, лауреат
премии К. Сатпаева, эксперт НААР по академическому
ранжированию вузов и организаций ТиПО - К.Ш. Шункеев
доктор химических наук, профессор - А.А. Талтенов
доктор технических наук, профессор - Ю.Н. Пак

**С 77 Стандарты специализированной аккредитации
организаций технического и профессионального
образования:** Стандарты специализированной аккредитации
организаций технического и профессионального образования /
Составители: Р.Г. Сейдахметова, А.Б. Жумагулова, М.А. Скиба,
Ж.И. Шалабаева, Р.Г. Гасимов – Астана, 2015. – 46 с.

ISBN 978-601-7778-10-1

Настоящие стандарты определяют требования к подготовке,
организации и проведению процедуры специализированной
аккредитации организации ТиПО независимо от его статуса,
организационно-правовой формы, ведомственной подчиненности
и формы собственности.

УДК 006

ББК 30ц

© НААР, 2015

© Сейдахметова Р.Г.,
Жумагулова А.Б.,
Скиба М.А.,
Шалабаева Ж.И.,
Гасимов Р.Г., 2015

ISBN 978-601-7778-10-1

**Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын
(білім беру бағдарламаларын)
мамандандырылған аккредиттеу**

СТАНДАРТТАРЫ

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесімен **ДАЙЫНДАЛДЫ.**

2 «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ директорының «26» наурыз 2012 жылғы № 07-од (2015 жылдың 01 маусымында берілген түзетулер мен толықтыруларымен) бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.**

3 Осы стандартта 27.07.2007 ж. Қазақстан Республикасының № 319-III «Білім туралы» Заңының нормалары іске асырылған.

4 ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ

Осы стандартты «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайталауға, көбейтуге және таратуға жол берілмейді.

МАЗМҰНЫ

Қолдану саласы	6
Нормативтік сілтемелер	6
Терминдер мен анықтамалар	7
Белгілеулер мен қысқартулар	9
Мамандандырылған аккредиттеуді жүзеге асырудың рәсімдері	10
Кейінгі рәсімдер	11
Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»	12
Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»	13
Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»	15
Стандарт «Білім алушылар»	17
Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар»	18
Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»	19
Аккредиттеу стандартына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі	22
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	23

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДЕРІ

1. Қолдану саласы

1.1 Осы стандарттар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТжКБ) мамандандырылған аккредиттеуін өткізуге және ұйымдастыруға қойылған талаптарды анықтайды.

1.2 Осы стандарттар ТжКБ ұйымдарының мәртебесі, ұйымдастырушылық-құқықтық түрі, меншіктілік және ведомстволық бағынушылық нысанына қарамастан мамандандырылған аккредиттеу рәсімін өткізу кезінде қолданылады.

1.3 Осы стандарттар сонымен қатар өз қызметін ішкі бағалау үшін және сәйкес нормативті құжаттарды дайындау үшін ТжКБ ұйымдарымен қолданылуы мүмкін.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

2.1 Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеулер туралы» Заңы. 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II ҚРЗ.

2.2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ.

2.3 Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

2.4 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығы.

2.5 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.

2.6 «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын және аккредиттеу алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы N 430 Бұйрығы.

2.7 «Ұлттық біліктілік шеңберін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 19 қазанда № 8022 тіркелді.

2.8 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 150 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 маусымда № 8489 тіркелді.

2.9 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 268 бұйрығы.

2.10 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 312 бұйрығы.

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 Аккредиттеуге үміткер: аккредиттеу органымен мамандандырылған аккредиттеуді өткізу туралы келісім-шартқа отырған ТжКБ ұйымы.

3.2 Бағалау: талдау үдерісінде жиналған дәлелдеулер мен мәліметтерді түсіндіру. Бағалау бағдарламаның білім беру мақсаттары мен білім алушылардың оқу нәтижелерінің жетістіктері деңгейін анықтайды және бағдарламаны жетілдіруге қатысты іс-әрекеттер мен шешімдерге алып келеді.

3.3 Бағдарламаның білім беру мақсаттары: техникалық және кәсіптік білімі бар маман даярлаудың деңгейі мен бейіні және осы бағыт бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асырудан күтілетін нәтижелердің жиынтығы.

3.4 Базалық құзырет: өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілеті, өзін-өзі жігерлендіру және өзіндік ұйымдастыруға бейімділігі (*«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы*).

3.5 ББ басшылығы: білім беру ұйымының алқалы басқару органдары, директор, оқыту үдерісін ұйымдастыру мәселелеріне жауап беретін директордың орынбасары, бөлімше меңгерушісі, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдістемелік кабинет меңгерушісі, әдіскер, әдістемелік, циклдық және пәндік комиссия меңгерушілері.

3.6 Біліктілік:

3.6.1 Біліктілік: алынған мамандық бойынша тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты күзіретті орындауға қажетті білім, әзірлік деңгейі.

3.6.2 Біліктілік: алынған кәсіп пен мамандық бойынша қызметтің белгілі бір түрін құзыретті орындау дайындығының деңгейі (*«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы*).

3.6.3 Біліктілік: қызметкердің нақты жұмыс түрін орындауға кәсіби дайындық дәрежесі (*Ұлттық біліктілік шеңбері*).

3.7 Біліктілік деңгейі:

3.7.1 Біліктілік деңгейі: орындалатын жұмыс күрделілігін, дербестілігі мен жауапкершілігін білдіретін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі (*Ұлттық біліктілік шеңбері*).

3.7.2 Біліктілік деңгейі: тарифтеу мен аттестаттау (тарифтік разряд, сынып, са-

нат) жүйесінің тиісті құжаттарымен реттелетін және орындалатын тапсырмалар мен міндеттердің күрделілігімен және көлемімен анықталатын техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламасының бір сатысының шеңберіндегі кәсіби шеберлік.

3.8 Білім беру бағдарламасы:

3.8.1 Білім беру бағдарламасы: пәндер тізімі, оқу жұмысының түрлері арқылы білім беру жүйесінің белгілі бір сатысының білім беру мазмұнын және мақсатын, оларды меңгеру үшін оқу уақытының көлемін айқындайтын құжат (*«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы*).

3.8.2 Білім беру бағдарламасы: сәйкес біліктілігі бар мамандарды даярлаудың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған және өз құрамына түлектерді даярлаудың нәтижесіне қойылатын талаптарды, оқу жоспарын, курстардың, пәндердің, оқу модулдерінің жұмыс (оқу) бағдарламаларын және басқа материалдарды, сонымен бірге сәйкес білім беру технологиясын іске асыруды қамтамасыз ететін тәжірибе бағдарламаларын, күнтізбелік оқу кестесін және әдістемелік материалдарды қосады.

3.9 Білім беру ұйымдарын аккредиттеу: білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының белгіленген аккредиттеу стандарттарына (талаптарына) сәйкестігін тану рәсімі (*«Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы*).

3.10 Білім: оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі (*Ұлттық біліктілік шеңбері*).

3.11 Дағды: қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану) (*Ұлттық біліктілік шеңбері*).

3.12 Кәсіби стандарт: кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт (*Ұлттық біліктілік шеңбері*).

3.13 Кәсіптік білім: тұлғаны біліктілік сипаттамаларына және талаптарына сәйкес кәсіптік білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеруге бағытталған маман ретінде қалыптастырудың және дамытудың ұйымдасқан үдерісі.

3.14 Кәсіптік құзіреттілік: білім, шеберлік пен дағды, сондай-ақ кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі (*«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы*).

3.15 Құзыреттер:

3.15.1 Құзыреттер: оқу үдерісінде меңгерілген білімнің, дағдылар мен ептіліктің динамикалық жиынтығы.

3.15.2 Құзыреттілік: қызметкердің кәсіби қызметінде білімін, біліктілігі мен дағдысын қолдану қабілеті (*Ұлттық біліктілік шеңбері*).

3.15.3 Құзырет: білім, шеберлік, дағды, кәсіптік тәжірибенің бірлігі негізінде маманның әрекет ету және белгілі бір кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі (*«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы*).

3.16 Мамандандырылған аккредиттеу: білім беру ұйымы іске асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау (*Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы*).

3.17 Оқытудың түпкі нәтижесі: берілген білім беру бағдарламасы бойынша оқуды бітірген уақытта білім алушы меңгеруі тиіс білім мен дағдылардың, құзыреттің жиынтығы.

3.18 Өзін-өзі бағалау рәсімі: мамандандырылған аккредиттеудің стандарттары мен өлшемдерінің негізінде ТжКБ ұйымы өткізетін ішкі бағалау үдерісі (жалпы ұйымды немесе білім беру бағдарламасын). Осының нәтижесінде өзін-өзі бағалау туралы есеп құрастырылады.

3.19 Салалық біліктілік шеңберлері: салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы (*Ұлттық біліктілік шеңбері*).

3.20 Сыртқы сараптау комиссияның ТжКБ ұйымына баруы – бұл аккредиттеу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатын сыртқы бағалаудың компоненті. Сыртқы сарапшы-аудиторлар ТжКБ ұйымының өзін-өзі бағалау материалдарын тексеру мақсатында, оқытушы құраммен, білім алушылармен және қызметкерлермен әңгімелесу және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен тиімділігін бағалау үшін, сондай-ақ, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау үшін ТжКБ ұйымына іссапарға барады. ТжКБ ұйымының/білім беру бағдарламасының аудиті бойынша комиссияның есебі іссапардың нәтижесі болып табылады.

3.21 Талдау: бағдарламаның білім беру мақсаттарын және білім алушылардың оқу нәтижесі жетістіктерін бағалауға арналған мәліметтерді әзірлеу, жинау және анықтау үдерісі. Тиімді талдау өлшенетін мақсаттар мен нәтижеге сай келетін тікелей, жанама, сандық және сапалық параметрлерді қолданады.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы стандартта 2 бөлімде көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес қысқартулар қолданылады.

Сонымен бірге, осы стандартта келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

Осы стандартта келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

АРТА – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі;

ББ – білім беру бағдарламасы;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;

ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім беру.

5 Мамандандырылған аккредиттеуді жүзеге асырудың рәсімдері

5.1 Мамандандырылған аккредиттеуді жүзеге асырудың рәсімі ТжКБ ұйымының аталған аккредиттеуді өткізуге өтініш беруден басталады. Өтінішке мемлекеттік лицензияның көшірмесі және білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияға қосымшаларын және білім беру ұйымы мен білім беру бағдарламасы қызметінің қысқаша сипаттамасы тіркеледі.

5.2 АРТА білім беру ұйымының өтінішін қарастырады.

5.3 АРТА мамандандырылған аккредиттеу рәсімін бастау туралы шешім қабылдайды. Агенттік пен білім беру ұйымының арасындағы мамандандырылған аккредиттеуді өткізу туралы екіжақты келісім-шарт жасалады және аккредиттеуге үміркер мәртебесі беріледі.

5.4 Білім беру ұйымы мен АРТА басшылығы мамандандырылған аккредиттеу рәсімдері мен өлшемдерін білім беру ұйымының ішкі сарапшыларына түсіндіру мақсатында мамандандырылған аккредиттеуді өткізу технологиясы, әдістемесі мен теориясына қатысты сұрақтар бойынша арнайы семинарларда оқыту ұйымдастырады.

5.5 Білім беру ұйымы АРТА бекіткен стандарттар мен өлшемдерге сәйкес өзін-өзі бағалауын өткізеді, және өзін-өзі бағалау туралы есебін (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) электрондық нұсқада және әр тіл үшін 2 данадан қағаз тасымалдағыштарда АРТА-ға ұсынады;

5.6 Білім беру бағдарламаларының аудитін өткізу үшін сараптау комиссиясы АРТА директорының шешімімен құрылады. Сараптау комиссиясы білім беру ұйымдарын бағалау бойынша маман сарапшылардан, жұмыс берушілерден, білім беру ұйымдары қызметінің бейіні бойынша білікті мамандар (сарапшылар) болып табылатын білім беру ұйымдары мен олардың бірлестіктері (қауымдастықтары) өкілдерінен, білім алушылар өкілдерінен және шетел сарап-шысынан тұрады. Сарапшылардың саны тексеру көлемі мен білім беру ұйымының ерекшелігіне байланысты анықталады.

5.7 Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау туралы есебінің негізінде АРТА келесі шешімдерді қабылдай алады:

- өзін-өзі бағалау туралы есебінің материалдарын жетілдіру қажеттілігі бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- сыртқы сараптамалық бағалауды өткізу;
- осы стандарттар өлшемдеріне өзін-өзі бағалау есебінің сай болмауына байланысты мамандандырылған аккредиттеуді өткізу мүмкін болмағандықтан келісім-шартты бұзу.

5.8 Аккредитеу үдерісі жалғасқан жағдайда АРТА мен сараптау комиссиясының төрағасы білім беру ұйымымен мамандандырылған аккредиттеуді өткізу мерзімі мен комиссияның жұмыс жоспары жөнінде келіседі.

5.9 Сараптау комиссиясының білім беру ұйымына сапарының ұзақтығы тексеру көлеміне байланысты. Сапар аяқталғаннан кейін сыртқы сараптау комис-

сиясы білім беру бағдарламаларын бағалау бойынша толық есеп әзірлейді. Осы есеп Аккредиттеу Кеңесімен мамандандырылған аккредиттеу туралы шешім қабылдаудың негізі болып табылады.

5.10 Оң шешім қабылданған жағдайда АРТА директорымен қол қойылған және қолданылу мерзімі көрсетілген мамандандырылған аккредиттеу туралы күзлік білім беру ұйымына жіберіледі. Одан кейін ББ аккредиттеу туралы шешім 3-Ұлттық тізілімге қосу мақсатында ҚР БҒМ-ге жіберіледі және АРТА-ның веб-сайтында орналастырылады.

5.11 Жеке кемшіліктер болған жағдайда ББ аккредиттеу 1 (бір) жыл мерзімге беріледі. Мерзімнің өтісімен АРТА-ның сараптау комиссиясы білім беру ұйымына бару арқылы жекелеген кемшіліктердің жойылғанын тексереді. Оң шешім қабылданған жағдайда аккредиттеудің мерзімі бес жылға дейін ұзартылады. Егер жекелеген кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған болса, аккредиттеудің жұмысы тоқтатылады және өтініш білдірген ұйым аккредиттеуді тоқтату туралы шешім қабылдаған уақыттан бастап бір жыл бойы АРТА-ға ББ аккредиттеу үшін өтініш беру құқығынан айрылады.

5.12 Аккредиттеудің мерзімдері:

1 жыл – жалпы аккредиттеу өлшемдері мен талаптарына сай болғанда, бірақ жекелеген кемшіліктердің және жақсарту мүмкіндігінің болуы жағдайында;

3 жыл – жалпы оң нәтиже кезінде, бірақ мардымсыз кемшіліктердің және жақсарту мүмкіндігінің болуы жағдайында;

5 жыл – жалпы оң нәтиже кезінде.

6 Кейінгі рәсімдер

6.1 АРТА-ның талаптарын орындамаған жағдайда білім беру ұйымына қатысты Аккредиттеу Кеңесі келесі шешімдерді қабылдай алады:

- білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеудің күшін уақытша тоқтату,
- білім беру ұйымының білім беру бағдарламасын аккредиттеуді 3-Ұлттық тізілімнен шығару арқылы қайтарып алу, бұл өз кезегінде бұған дейін қол жеткізген барлық аккредиттеу нәтижелерін жоюға және өтініш беруші аккредиттеуді қайтадан өткізі келген жағдайда аккредиттеудің барлық кезеңдерін басынан өту міндеттемесіне әкеліп соғуы мүмкін.

6.2 Білім беру ұйымы қызметінің аккредиттеуден кейінгі мониторингі 3 жыл және 5 жыл мерзімге аккредиттелген жағдайда келесідей жүзеге асырылады:

Аккредиттеу мерзімінің ұзақтығы	3 жыл	5 жыл
Аралық есеп беру және сарапшылар сапарын өткізу мерзімділігі	Бір жарым жылда бір рет	Екі жылда бір рет

Білім беру бағдарламасы 1 жыл мерзімге аккредиттелген болса, осы уақыт аралығында білім беру бағдарламасының басшылығы қайтадан аккредиттеуден өту туралы шешім қабылдайды.

7 Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 ББ жүзеге асырылуы оның мақсаттары мен даму жоспарымен анықталады.

7.1.2 ББ жүзеге асырылуы ҚР МЖМБС қоса алғандағы ҚР білім беру саласындағы заңнамаларына толығымен сәйкес болуы керек.

7.1.3 Бұл стандарттың бағалауы:

7.1.3.1 қолданыстағы ББ даму жоспарын және оны жүзеге асыру мониторингінің жоспарлары мен жүйесін талдау;

7.1.3.2 ББ даму жоспары туралы ақпараттың таралу үдерістерін және ақпараттық ресурстарды талдау;

7.1.3.3 алқалы басқару органдарының хаттамаларын, директор бұйрықтарын, басқарушылық есеп-қисаптарды талдау;

7.1.3.4 ТжКБ ұйымы жоғары басшылығының кәсіптік біліктілікке сәйкес болуын және лауазымдық міндеттерін үлестірілуін талдау;

7.1.3.5 педагогикалық ұжымнан, қызметкерлерден, білім алушылардан, жұмыс берушілерден және тағы басқа қызығушылық танытқан тұлғалардан сұхбат алу, сауалнама өткізу негізінде жүргізіледі.

7.2 Бағалау өлшемдері

7.2.1 ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірлеуін, оның мүдделі тұлғалар, білім алушылар, жұмыс берушілер мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді.

7.2.2 ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарының қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттілігіне және ҚР білім беру саясатына адекваттығын қамтамасыз етуі қажет.

7.2.3 ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі топтардың өкілдерін, соның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді тартуы қажет.

7.2.4 ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру үдерістері жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етеді.

7.2.5 ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру мен тұрақты түрде қайта қараудың және оны іске асырудағы мониторинг жүйесінің тетіктерін анықтауы тиіс.

7.2.6 ТжКБ ұйымы ББ-ны жүзеге асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинақтайды және талдайды, барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалау жүргізеді, ББ даму жоспарын құрастырып, қайта қарастырады.

7.2.7 ББ даму жоспары барлық мүдделі жақтар өкілдерінің қатысуымен ашық талқылаудан өтіп, берілген ұсыныстар мен түзетулер негізінде ТжКБ ұйымының өкілетті алқалы органы жобаға өзгертулер енгізеді.

7.2.8 ТжКБ ұйымы ББ қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттікті табыстау, шектеу және дербестік қағидаларының іске асыру дәрежесін көрсетеді.

7.2.9 ББ-ны басқару:

7.2.9.1 үдеріс арқылы қызметті (іс-әрекетті) басқаруды;

7.2.9.2 жоспарлау, дамыту және үнемі жақсарту тетіктерін;

7.2.9.3 мониторингті, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру мен қызмет ету динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін есеп беру үдерістерін құру;

7.2.9.4 өзгерістердің тиімділігін талдауды;

7.2.9.5 бөлімшелер қызметінің нәтижелігі мен тиімділігін және олардың өзара қарым-қатынастарын бағалауды қамтуы тиіс.

7.2.10 ТжКБ ұйымында білім беру бағдарламасының іске асыру регламентін белгілейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжаттандырылуы қажет.

7.2.11 ТжКБ ұйымы бизнес-үдерістердегі жауаптыларды нақты анықтағанын, ББ іске асыру барысында қатысатын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бір мағыналы түрде бөлгенін, алқалы органдар қызметін ажыратқанын көрсетуі тиіс.

7.2.12 ТжКБ ұйымы осы үдерістің регламентін белгілейтін құжаттар мен білім беру бағдарламалардың мониторингін және мезгілдік пікір беруін (қайта қарау) бекіту тәртібін көрсетуі керек.

7.2.13 ТжКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге, мүдделі тұлғаларға бағытталған хабарландыру мен кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс.

7.2.14 ББ басшылығы ББ-ның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты қызмет етуін көрсетуі керек, оның ішіне жобалау, басқару және мониторинг, олардың жақсаруы, фактілер негізінде шешімдерді қабылдау кіреді.

7.2.15 ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті.

7.2.16 ТжКБ ұйымы ББ басқару үдерістерінде статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің бар болуын және қарқынды қолдануын дәлелдеп көрсетуі міндетті.

7.2.17 ББ басшылығы оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеуді қамтамасыз етіп, өлшем үдерістері аясында табылған кемшіліктерді жойғанын көрсетуі міндетті.

7.2.18 ББ басшылығы білім алушыларға, оқытушыларға, ата-аналарға қолжетімділігі мен ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті.

8 Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру салалық біліктілік шеңберлеріне және кәсіби стандарттарға сәкес келетін болашақ мамандардың базалық және кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

8.1.2 Білім беру бағдарламалары білім алушылардың мүмкіншіліктері мен жеке қажеттіліктерін есепке алу мүмкіндігін қарастырады.

8.1.3 Білім беру бағдарламасының сапасын бағалау:

8.1.3.1 білім беру бағдарламасын жүзеге асыру регламентін белгілейтін оқу жоспарларды, кестелерді және басқа да ішкі нормативті құжаттарды талдау;

8.1.3.2 оқыту әдістемесін талдау;

8.1.3.3 оқытушылар мен білім алушылардан, мүдделі жақтардан сұхбат алу, сауалнама жүргізу;

8.1.3.4 ТжКБ ұйымындағы сабақтардың өткізілуін байқау нәтижелері;

8.1.3.5. білім алушылардың білімін бағалау әдістемелерін талдау негізінде жүзеге асады.

8.2 Бағалау өлшемдері: ББ мазмұны

8.2.1 ТжКБ ұйымы білімді, икемділікті, дағдыларды, базалық және кәсіптік құзыреттілігін, жеке сапаларды қосатын білім беру бағдарламасы түлектерінің әзірленген үлгілерінің (моделдерінің) бар болуын көрсетуі керек.

8.2.2 ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламасын әзірлеуде және олардың сапасын қамтамасыз етуінде педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің қатысуын дәлелдеуге міндетті.

8.2.3 ТжКБ ұйымы оқу пәндерінің өзара байланыс қисынын, көлемін және мазмұнын анықтауы, сондай-ақ, түлектердің кәсіптік құзіреттілігінің қалыптасуына пәндер мен кәсіби тәжірибенің ықпалын көрсетуі міндетті.

8.2.4 ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби контексттің бар болуын көрсетуі керек.

8.2.5 ББ басшылығы теориялық және тәжірибелік-бағытталған пәндердің арасындағы тиімді тепе-теңдіктің бар болуын көрсетуі керек.

8.2.6 Пәндердің тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болу тиіс. Пәндер оқытылып жатқан саладағы әлемдік күн тәртібіндегі барлық сұрақтарға, мәселелерге толық жауап беруі керек.

8.2.7 Оқу бағдарламасының құрылымында білім алушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай кәсіптік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік тудыратын түрлі қызметтердің мазмұндары ескерілу керек.

8.2.8 Жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын жаңарту маңызды фактор болып табылады.

8.3 Білім беру бағдарламасын дараландыру

8.3.1 ББ басшылығы оқу тіліне қарамай, білім алушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет.

8.3.2 ББ басшылығы білім беру үдерісінің мәселелеріне қатысты білім алушыларға кеңес беру және жекелеген көмек көрсету жүйесінің бар болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет.

8.3.3 Басшылық ББ тиімді меңгеруге жағдай жасайды.

8.3.4 ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушылардың артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіктері мен мәдени тәжірибесін қолдануын көрсетуі керек.

8.3.5 ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушыларға жекелеген қолдау беретінін көрсетуі керек.

8.3.6 ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктерін мониторингтен өткізу жүйесінің болуын алға тартуы тиіс.

8.4 Білім алушылардың нәтижелерін бағалау

8.4.1 ББ басшылығы білім алушылардың пәнді оқу барысында ие болған білімін, дағдылары мен қасиеттерін объективті, нақты, толық бағалау тетігінің бар болуын және тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етуі қажет.

8.4.2 ББ басшылығы білім деңгейін бағалаудың және білім алушылардың кәсіптік құзиреттілігінің қалыптасу дәрежесінің әділдігін, олардың бағалау тетіктері мен құралдарының баламалығын және ашықтығын қамтамасыз етуі қажет.

8.4.3 ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелеріне және бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

8.4.4 ББ басшылығы оқу пәндерін зерттеу мен курс бойынша оқытудың басында білім алушылардың білімін диагностикадан өткізуі тиіс.

8.4.5 Білімді бағалау өлшемдері мен үдерісі ашық болуы керек.

8.4.6 ББ басшылығы білім алушыларда келесі білім беру деңгейлерінде оқуларын жалғастыру үшін қажет дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

8.5 Оқу әдістемесі

8.5.1 ББ басшылығы жүйелі дамытуды, оқытудың белсенді әдістері мен сабақ берудің инновациялық әдістерін енгізуі мен тиімділігін қамтамасыз етуі керек.

8.5.2 ББ-ны іске асыру барысында білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізілуі тиіс.

8.5.3 ББ басшылығы білім алушыларға мамандық бойынша тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етіп, тәжірибеден өту орындарына және жұмыс берушілерге қатысты білім алушылар мен кәсіпорын басшыларының қанағаттанушылық мониторингін өткізуі керек.

8.5.4 ББ басшылығы білім беру үдерісіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерінің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі керек.

9 Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»

9.1 Жалпы ережелер

9.1.1 ББ педагогикалық ұжымды қалыптастыру мен дамытудың кадрлық саясаты:

9.1.1.1 жауапкершілікті, лауазымдық міндеттерді және біліктілік талаптарын анықтайды;

9.1.1.2 ББ іске асыратын педагогикалық ұжымның, әкімшілік-басқару персо-

налы мен қызметкерлердің дамуы мен біліктілік деңгейін көтеруге бағытталған іс-шараларды қамтиды;

9.1.1.3 қызметкерлерді басқару құрылымы мен олардың дамуы, соның ішінде кадрларды іріктеп алу жүйесінің тәртібін белгілейді;

9.1.1.4 қызметкерлерді ынталандыру, жаңа қызметкерлердің бейімделуі, аттестаттау және қызметкерлерге қатысты тәртіптік шараларды қолдану, қызметкерлерді жұмыстан босату рәсімінің механизмдерінің қызмет етуін қамтамасыз етеді;

9.1.1.5 қызметкерлердің этикалық жүріс-тұрыс қағидаларын қамтиды.

9.1.2 Берілген стандарттың өлшемдеріне сәйкестікті бағалау:

9.1.2.1 лауазымдық міндеттерді, құқықтарды, жауапкершілікті, кәсіптік даму мен біліктілікті арттыру, ынталандыру, бейімделу, жұмыстан босату жүйелерін және басқа да кадрлық мәселелерді анықтайтын құжаттарды талдау;

9.1.2.2 педагогикалық ұжымнан, қызметкерлер мен басшылықтан сұхбат алу;

9.1.2.3 ТжКБ ұйымындағы этикалық жүріс-тұрыс, корпоративтік мәдениет жайлы мәліметтер негізінде жүзеге асады.

9.2. Бағалау өлшемдері

9.2.1 ББ басшылығы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында іскерлерді тартып, олармен оқылатын пәндердің үлесін анықтау керек.

9.2.2 ББ басшылығы білім беру үдерісінде инновацияларды үнемі қолданылуын педагогикалық ұжымға ынталандыруы тиіс.

9.2.3 ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламасының стратегиясы мен ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі керек.

9.2.4 ББ басшылығы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қоғам үшін қолжетімдігін көрсетуі керек.

9.2.5 ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтар біліктілігін жүйелі түрде бағалауды, сабақ беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі керек.

9.2.6 Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс. ББ басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрлерінің педагогтармен орындалуының дәлелін көрсетуі керек.

9.2.7 ББ басшылығы жас педагогтардың құзыреттілігін дамытуы бойынша мақсатты әрекеттерді қамтамасыз етуі керек.

9.2.8 ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің кәсіптік және жеке дамытуды ынталандыру тетіктерін көрсетуі керек.

9.2.9 ББ басшылығы педагогикалық ұжым қанағаттанушылығының мониторингін қамтамасыз етуі керек.

9.2.10 ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ-құзыреттілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларының қолдануын көрсетуі керек.

9.2.11 Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

10 Стандарт «Білім алушылар»

10.1. Жалпы ережелер

10.1.1 ББ басшылығы білім алушылар контингентін жасақтау саясатын көрсетуі керек.

10.1.2 Осы стандартты бағалау келесі пункттердің негізінде жүзеге асады:

10.1.2.1 білім беру үдерісін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау;

10.1.2.2 білім беру үдерісін реттейтін жоспарларды, жеке істерді, бұйрықтарды талдау;

10.1.2.3 оқу үдерісін ақпараттық сүйемелдеуді қосқандағы оқыту саласын тексеру;

10.1.2.4 білім алушылардан сұхбат алу, сауалнама жүргізу.

10.2 Бағалау өлшемдері

10.2.1 ББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің айқындығын көрсетуі керек.

10.2.2 ББ басшылығы оқу нәтижелеріне сүйене отырып білім алушылардың негізгі рөлдерін (кәсіптік, әлеуметтік) жақсы ұғынуын көрсетуі керек.

10.2.3 Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың өз саласында кәсіби мамандану (сертификация) мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

10.2.4 Дарынды білім алушыларды қолдайтын бағдарламалардың бар болуы маңызды фактор болып табылады.

10.2.5 ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыруға және түлектермен байланыста болуға барынша күш салуы керек.

10.2.6 Түлектердің кәсіптік қызметі мен жұмысқа орналасуының мониторингі маңызды фактор болып табылады.

10.2.7 ББ басшылығы білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өзін-өзі оқытуға белсенді түрде ынталандыруы керек.

10.2.8 ББ басшылығы білім алушыларға өз ойларын білдіріп, пікір алмасуы мүмкіндік беруі тиіс.

10.2.9 ББ басшылығы білім алушылардың жалпы ТжКБ ұйымының қызметімен және жекелеген қызмет түрлерімен қанағаттанушылығын мониторингтен өткізу тетігін жасауы тиіс.

10.2.10 ББ басшылығы білім алушылардың білімдерін бағалау нәтижелері туралы мәліметтерді жедел ұсынуын қосқандағы кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек.

11 Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар»

11.1 Жалпы ережелер

11.1.1 Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды тұрақты түрде жақсарту ББ білім сапасын қамтамасыз ету факторы болып табылады.

11.1.2 Білім алушылардың оқу ортасы, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, білім беру бағдарламасының мақсаттарына сай болуы керек.

11.1.3 ТжКБ ұйымы оқыту мен жұмыс істеуге қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуі керек.

11.1.4 Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстардың сапасын бағалау:

11.1.4.1 кітапханалық ресурстардың (кітапқоры) адекваттылығының сәйкестігін, жоғары жылдамдықты байланыстың, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің, ақпараттандыру жүйесінің, зертханалық және оқу жабдығының, бағдарламалық құралдардың бар болуын талдау;

11.1.4.2 ТжКБ ұйымының материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды тексеру, педагогикалық ұжым және білім алушылардан, мүдделі жақтардан сұхбат алу, сауалнама жүргізу негізінде жүзеге асады.

11.2 Бағалау өлшемдері

11.2.1 ББ басшылығы білім алушылар үшін оқытылатын пәндер бойынша жіктелген, ұйымдастырылған ақпараттың барынша мүмкін мөлшерінің қолжетімдігін, соның ішінде презентация материалдары, дәрістердің конспектісі, міндетті және қосымша әдебиеттерді, практикалық тапсырмаларды және т.б. қамтамасыз етуі қажет.

11.2.2 Оқу бағдарламаларын меңгеру мақсатында қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдары тиісті салада қолданылатын жабдықтарға ұқсас болып, пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.

11.2.3 ТжКБ ұйымы білім алушылардың кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыратын және жеке қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін ескеретін оқу ортасын жасайды.

11.2.4 ТжКБ ұйымы өндірістік қызметке білім алушыларды тартып, әртүрлі байқауларда педагогикалық ұжым мен білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етіп, шеберханаларды дамыту үшін жағдай жасауы керек.

11.2.5 ТжКБ ұйымы ББ материалдық-техникалық ресурстар мен ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудың динамикасын бағалауы керек.

11.2.6 ТжКБ ұйымында:

11.2.6.1 білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес педагогикалық ұжым мен білім алушыларды технологиялық қолдайтын;

11.2.6.2 академиялық қолжетімдік – білім алушылар дербестендірілген білім

беру ресурстарын қолдана алатын;

11.2.6.3 академиялық кеңестер – білім алушыларға көмектесетін дербестендірілген білім беру ресурстары бар;

11.2.6.4 кәсіптік бағдар – білім алушыларға мансап бағыттарын таңдауда және оларға жету жолында көмек беретін дербестендірілген білім беру ресурстарын қолдана алатын;

11.2.6.5 санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен талаптарға сәйкестелген заманауи техникалық оқыту құралдармен жабдықталған қажетті дәрісханалардың саны бар;

11.2.6.6 компьютер сыныптарының, оқу залдарының, мультимедиялық және лингафон кабинеттерінің қажетті саны, олардағы отыратын орындардың саны жеткілікті болатын;

11.2.6.7 кітаптар қоры, соның ішінде қағаз және электронды тасымалдағыштарда оқу және әдістемелік әдебиеттердің қоры, оқыту тілдері аясындағы мерзімдік басылымдары бар;

11.2.6.8 білім беретін интернет-ресурстарына еркін кіре алатын оқыту ортасы жасалуы тиіс.

11.2.7 ББ басшылығы оқыту үдерісіне ақпараттық технологиялардың енгізу дәрежесін анықтап, педагогикалық ұжым мүшелері оқытудың инновациялық технологияларын, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде, өңдеу және қолдану мониторингісін өткізуі керек.

11.2.8 ББ басшылығы ББ-ны сипаттайтын ақпараттың веб-ресурста көрініс табуын көрсетуі керек.

12 Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар

12.1 Жалпы ережелер

12.1.1 Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының қандай мамандықтар аккредиттеуден өтіп жатқанына байланысты белгілі дәрежеде айырмашылықтары болады.

12.1.2 Жекелеген топтағы мамандықтар үшін арналған стандарттар бағдарлама аясында теория мен тәжірибе арасындағы оқу жүктемесін барабар үлестірудің маңыздылығын, практикалық тәжірибенің алуан түрлі болу қажеттілігін көрсетеді және бағдарламаны ұйымдастырудың негізгі қағидаларын алға тартады.

12.1.3 Өзін-өзі бағалау үдерісі аккредиттелетін мамандықтар ерекшелігінің алуан түрлілігімен қоса, түлектерге берілетін біліктіліктерді де есепке алуы тиіс.

12.2 Бағалау өлшемдері

12.2.1 Білім беру

12.2.1.1 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша)», «Бастапқы білім беру» және т.б. сияқты «Білім беру» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары келесі талаптарға жауап беруі

тиіс:

12.2.1.1.1 білім беру бағдарламасының басшылығы бағдарлама түлектерінде психология және байланыс саласындағы дағдыларының, тұлға мен мінез-құлықты талдау, шиеленістерді шешу мен алдын алу әдістемесі, білім алушылардың уәждемесі бойынша теориялық білімдерінің болуын көрсетуі тиіс;

12.2.1.1.2 білім беру бағдарламасының басшылығы білім беру саласының талаптарына сәйкес ақпараттық технология саласында, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру ұйымында кеңінен қолдануы бойынша бағдарлама түлектерінің сауаттылығын көрсетуі тиіс;

12.2.1.1.3 білім беру бағдарламасының басшылығы бағдарлама құрамында оқыту үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың инновациялық әдістемесі мен оқытуды жоспарлауды, соның ішінде оқытудың интерактивтік әдістерін үйрететін пәндердің болуын көрсетуі тиіс;

10.2.1.1.4 білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың өз бетімен оқуға икемділігінің бар екенін көрсетуі тиіс;

10.2.1.1.5 білім беру бағдарламасының басшылығы қандай мамандықтар (біліктіліктер) мен дағдылар жекелеген мамандықтар шеңберінде нарықта сұранысқа ие екенін, оқытылатын мамандық бойынша шамамен қанша маман нарықта сұранысқа ие екені жөнінде фактілер мен талдауға негізделген айқын түсінігі бар екенін көрсетуі тиіс және оқуды бітіргеннен кейін алғашқы жарты жыл ішінде түлектердің көп бөлігі мамандық (біліктілік) бойынша сәтті жұмысқа орналасу мысалдарын келтіруі тиіс.

12.2.2 Әлеуметтік ғылымдар, қызмет көрсету, экономика, бизнес және құқық

12.2.2.1 «Құқық қорғау қызметі», «Патент жүргізуші», «Аударма ісі (деңгей бойынша)», «Туризм (деңгей бойынша)», «Тамақтануды ұйымдастыру», «Әлеуметтік жұмыс», «Маркетинг (деңгей бойынша)», «Қаржы (деңгей бойынша)» және т.б. сияқты «Қызмет көрсету, экономика және басқару» және «Құқық» бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

12.2.2.1.1 білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың мамандану саласындағы ең өзекті және қазіргі заманғы қағаз (газеттер, статистикалық мәліметтердің жинақтары, оқулықтар) және электронды тасымалдағыштардағы мәліметтерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

12.2.2.2 «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» және «Құқық» бағыттары бойынша білім беру бағдарламасы сонымен қатар келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

12.2.2.2.1 білім беру бағдарламасының мақсаттары мен нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында сұранысқа ие нақты дағдыларды иеленуіне бағытталуы тиіс;

12.2.2.2.2 білім беру бағдарламасының басшылығы бағдарлама түлектерінде аталған дағдылар бар екенін және осы дағдылар нарықта шынымен сұранысқа ие екенін көрсетуі тиіс;

12.2.2.2.3 білім беру бағдарламасы білім алушылардың өндірістік тәжірибеден, кәсіпорындарда оқытудан өту, шұғылданушы маманның шебер-класстары мен дәрістеріне қатысу және т.б. сияқты теориялық білімді практикалық тәжірибеде қолдануға бағытталған пәндер мен іс-шаралардың елеулі санын өз құрамына қосуы тиіс.

12.2.3 Жаратылыс және техникалық ғылымдар

12.2.3.1 «Металлургия және машина жасау», «Байланыс, телекоммуникациялар мен ақпараттық технологиялар», «Өндіріс, монтаж, пайдалану және жөндеу (сала бойынша)» және т.б. сияқты техникалық бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

12.2.3.1.1 білім алушыларды мамандану саласындағы өзекті мәселелермен және кәсіби ортамен таныстыру мақсатында, сонымен қатар теориялық дайындық негізінде дағдыларды меңгеру үшін білім беру бағдарламасы жалпы мамандық бойынша және бейінді пәндер бойынша дағдылар мен практикалық тәжірибе алуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды өз құрамына қосуы тиіс, соның ішінде:

- мамандану саласындағы кәсіпорындарға саяхат (зауыттар, шеберханалар, зерттеу институттары, зертханалар және т.б.),
- мамандану кәсіпорнында жеке сабақтар немесе толық пәндерді өткізу,
- мамандану саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті тәжірибелік тапсырмаларды шешуге арналған тәжірибелік сабақтарды өткізу мақсатында шеберханаларды қолдану және т.б.

12.2.3.1.2 ББ-ға тартылған педагогикалық ұжымның құрамында ББ-ның мамандану саласындағы кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі бар іскерлер болуы тиіс.

12.2.4 Өнер

12.2.4.1 «Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем шығармашылық (сала бойынша)», «Аспапта орындаушылық және музыкалық эстрада өнері (профилі бойынша)», «Кескіндеу, мүсіндеу және графика (түрлері бойынша)», «Музыка теориясы» және т.б. сияқты «Өнер және мәдениет» бағытындағы білім беретін бағдарламалар келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

12.2.4.1.1 ББ басшылығы бағдарламаның түлектерінде өнер саласында теориялық білімдердің және шығармашылық арқылы өзін-өзі көрсету дағдыларының, сондай-ақ жабыстыру, сызу, ән салу және т.б. бар болуын көрсетуі керек;

12.2.4.1.2 ББ басшылығы білім алушылардың өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі дамыту дағдыларын, өнер саласындағы қызметке қабілеттілігін көрсетуі керек;

12.2.4.1.3 ББ аясында білім алушыларға жеке немесе шағын топтарда оқытылатын пәндер мен шаралардың барынша мүмкін санын қосуы керек (мысалы, мамандану саласында еңбегі сіңірген қайраткерлердің шебер-класстарын өткізу);

12.2.4.1.4 ББ басшылығы білім алушыларға өздерінің шығармашылық

дағдыларын көрсетуге мүмкіншілік туғызатын шаралардың барынша мүмкін санын ұйымдастыруы керек, мысалы, концерттер мен көрмелер;

12.2.4.1.5 ББ мамандыққа тән түрлі қызметтердің шығармашылық тәжірибесін байытуға мүмкіндік беруі керек;

12.2.4.1.6 білім алушыларды мамандану саласындағы өзекті мәселелермен және кәсіби ортамен таныстыру мақсатында, сонымен қатар теориялық дайындық негізінде дағдыларды меңгеру үшін ББ жалпы мамандық бойынша және бейінді пәндер бойынша дағдылар мен практикалық тәжірибе алуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды өз құрамына қосуы тиіс, соның ішінде:

- мамандану саласындағы кәсіпорындарға саяхат (мұражайлар, театрлар, конструкторлық бюролар және т.б.),

- мамандану кәсіпорнында жеке сабақтар немесе толық пәндерді өткізу,

- мамандану саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті тәжірибелік тапсырмаларды шешуге арналған семинарлар өткізу және т.б.;

12.2.4.1.7 ББ аясында білім алушылардың шығармашылық емтихан жұмыстарын алқалы бағалау тетігінің бар болуы маңызды фактор болып табылады.

13. Аккредиттеу стандартына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

13.1 Стандарттың негізгі ережелерін одан ары жетілдіру мақсатында қазіргі аккредиттеу стандартына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

13.2 Стандартқа өзгертулер және толықтыруларды АРТА енгізеді.

13.3 Білім беру ұйымдарымен және басқа қызығушылық танытқан ұйымдармен қолданыстағы стандартқа өзгертулер мен толықтыруларды жасауға бастамашылық жасалған жағдайда, олардың ұсыныстары мен ескертулері АРТА-ға жіберіледі.

13.4 АРТА бастамашылардан түскен ұсыныстар мен ескертулердің негізділігін және мақсатқа лайықтығын бекітілген тәртіп бойынша зерттейді және сараптама жүргізеді.

13.5 Қолданыстағы аккредиттеу стандартына енгізуге ұсынылған өзгертулер мен толықтырулар мақұлданғанынан кейін АРТА директорының бұйрығымен бекітілген қазіргі стандартқа жапсырма кітапша немесе өзгертулермен жаңа редакциясында басылып шығарылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

[1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ.

[2] Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеулер туралы» Заңы. 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II ҚРЗ

[3] Стандарты и руководства к системам обеспечения качества в Европейском пространстве высшего образования. Европейская ассоциация обеспечения качества в высшем образовании. 2006, Астана, НАЦ МОН РК, 36 с.

[4] Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area, ENQA, 2009, Helsinki, 3rd edition.

[5] Quality Procedures in the European Higher Education Area and Beyond - Second ENQA Survey, ENQA, 2008, Helsinki.

[6] Общие критерии аккредитации образовательных программ с присвоением степени в области инженерии, информатики, архитектуры, естественных наук, математики отдельно по областям или в комбинации разных специальностей, Агентство по аккредитации образовательных программ с присвоением степени в области инженерии, информатики/компьютерных наук, естественных наук и математики (ASIIN), Дюссельдорф (Германия), 2012 г., 55 стр.

[7] Criteria for accrediting Engineering technology programs, ABET, 2012, Baltimore.

[8] Accrediting standards, ACEJMC, 2006.

[9] «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы).

[10] Ұлттық біліктілік шеңберін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 19 қазанда № 8022 тіркелді.

[11] Қазақстан Республикасының кәсіби стандарттары.

СТАНДАРТЫ
специализированной аккредитации
организаций технического и профессионального
образования

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Некоммерческим учреждением «Независимое Агентство аккредитации и рейтинга».

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом директора НУ «Независимое Агентство аккредитации и рейтинга» от «26» марта 2012 г. № 07-од. (с изменениями и дополнениями на «01» июня 2015 г.).

3 В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III.

4 ИЗДАНИЕ ВТОРОЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен без разрешения Некоммерческого учреждения «Независимое Агентство аккредитации и рейтинга»

Содержание

Область применения	27
Нормативные ссылки	27
Термины и определения	28
Обозначения и сокращения	31
Процедура проведения специализированной аккредитации	31
Последующие процедуры	32
Стандарт «Управление образовательной Программой»	33
Стандарт «Специфика образовательной программы»	35
Стандарт «Педагогический коллектив и эффективность преподавания»	37
Стандарт «Обучающиеся»	38
Стандарт «Ресурсы, используемые при реализации образовательных программ»	39
Стандарты в разрезе отдельных специальностей	40
Порядок внесения изменений и дополнений в стандарт аккредитации	43
Библиография	44

СТАНДАРТЫ И КРИТЕРИИ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ АККРЕДИТАЦИИ ОРГАНИЗАЦИЙ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

1. Область применения

1.1 Настоящие стандарты определяют требования к организации и проведению специализированной аккредитации организации технического и профессионального образования (далее - ТипО).

